Казақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу Комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті

ХАТТАМА № 28

2026 жылғы 28 қазан **Екібастұз қаласы**

«Экибастузские тепловые сети» ЖШС жылу энергиясын беру, тарату және өткізу қызметіне арналған тарифтер жобасын қарау бойынша жария тыңдау отырысы

Тыңдауды ұйымдастырушы, орналасқан жері: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті (*бұдан әрі-Департамент*), Павлодар қаласы, Ак. Сәтбаев көшесі, 136, каб. 419.

Өтетін орны: Павлодар облысы, Екібастұз қаласы, Д.А. Қонаев даңғылы, 105, 2 - қабат, акт залы.

Жария тыңдауды өткізу уақыты 2026 жылғы 28 қазанда сағат 12:00-ден 12:50-қа дейін.

Төраға: Байғожанова К.Б. - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті басшысының м.а.;

Хатшы: Жүсіп М.А. - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті табиғи монополиялар мен бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы;

Қатысты:

Аманов Б.М. – Екібастұз қаласы ТҮКШ, ЖК және АЖ бөлімі басшының орынбасары;

Банченко Е.И. – «Экибастузские тепловые сети» ЖШС бас директоры;

Разумовский А.С. – Екібастұз қаласының қоғам қайраткері (қоғамдық бақылау тобы);

Төлеубаев Б.К. - «Павлодарэнерго» энергетикалық жүйесі қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» ҚБ төрағасы;

Сонымен қоса, тұтынушылар, мүдделі тұлғалар, аудан белсенділері, барлығы 50 адам қатысты.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Экибастузские тепловые сети» ЖШС жылу энергиясын беру, тарату және өткізу қызметіне арналған тарифтер жобасын талқылау

1.1. Ашылу сөзінде жария тыңдаулардың төрағасы - К. Байғожанова қатысушыларды күн тәртібімен және жария тыңдаудың өту регламентімен таныстырды.

1.2. «Экибастузские тепловые сети» ЖШС бас директоры Банченко Е.И. тыңдалды, онда ол тұтынушыларға «Экибастузские тепловые сети» ЖШС жылу

энергиясын беру, тарату және өткізу қызметіне арналған тарифтер жобасы туралы айтты.

Жария тыңдауға қатысушылар ұсынылған тариф жобасы бойынша ұстанымын білдірді, қызықтырған сұрақтарын қойды.

Екібастұз қаласының қоғам қайраткері Разумовский А.С. жұмыскерлердің жалақысын көтеру және аулаішілік жылц тораптарын жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттіліктері туралы өз ойын білдірді.

Департамент жария тыңдау барысында айтылған барлық ұсыныстарды, ескертулер мен ұсынымдарды қарайды және ескереді.

2. Жария тыңдауларды қорытындылау және жабу

«Экибастузские тепловые сети» ЖШС жылу энергиясын беру, тарату және өткізу қызметіне арналған тарифтер жобасы жөніндегі шешімді Департамент заңнамада белгіленген мерзімде қабылдайтын болады.

К. Байғожанова жария тыңдауларға белсенді қатысқаны үшін барлық қатысушыларға алғысын білдірді.

Жария тыңдаудың төрағасы **К. Байғожанова**